Экз Подрядчика

«ОӘД» ғимаратын Ә.Молдағұлова даңғылы, 30 бойындағы Ақтөбе қ. филиал ғимаратына арнап қайта құру бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізу және жобалық құжаттаманы әзірлеу (қайта өңдеу) № 329 ШАРТЫ/ ДОГОВОР № 329 на разработку (переработку) проектной документации и проведение строительно-монтажных работ реконструкции здания «ЦУМ» под здание филиала г. Актобе по пр. А.Молдагуловой, 30.

Алматы қ, 2016 жылғы « 18 » сәуір	г.Алматы, « 18 » апреля 2016 г.
Бұдан кейін «Тапсырыс беруші» деп аталатын **«Банк ЦентрКредит»** акционерлік қоғамы атынан 05.01.16 жылғы №18-3/24 Сенімхаттың негізінде іс-әрекет ететін **Басқарушы директоры Адилханов Б.А.,** бір жақтан, және бұдан кейін **«Бас мердігер»** деп аталатын **«Dynasty Group» ЖШС** атынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін директоры **Алдыкенов Д.М.,** екінші жақтан, бұдан кейін бірігіп Тараптар деп аталып, төмендегі мәселелер жөнінде туралы **«ОӘД» ғимаратын Ә.Молдағұлова даңғылы, 30 бойындағы Ақтөбе қ. филиал ғимаратына арнап қайта құру бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізу және жобалық құжаттаманы әзірлеу (қайта өңдеу)** шартын (бұдан кейін мәтін бойынша Шарт) жасасты:	Акционерное общество **«Банк ЦентрКредит»,** именуемое в дальнейшем Заказчик в лице **Управляющего директора Адилханова Б.А,** действующей на основании Доверенности № 18-3/24 от 05.01.16г., с одной стороны и **ТОО «Dynasty Group»,** именуемое в дальнейшем **«Генеральный Подрядчик»,** в лице Директора Алдыкенова Д.М, действующего на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые Стороны, заключили настоящий **Договор на разработку (переработку) проектной документации и проведение строительно-монтажных работ реконструкции здания «ЦУМ» под здание филиала в г. Актобе по пр. А.Молдагуловой, 30.** (далее по тексту – Договор) о нижеследующем:
1. Терминдер мен анықтамалар:	**1. Термины и определения:**
«Тапсырыс беруші» - « **«ОӘД» ғимаратын Ә.Молдағұлова даңғылы, 30 бойындағы Ақтөбе қ. филиал ғимаратына арнап қайта құру бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізу және жобалық құжаттаманы әзірлеу (қайта өңдеу)** үшін Бас мердігерді жалдайтын «Банк Центр Кредит» АҚ.	**«Заказчик»** - АО «Банк ЦентрКредит», которое нанимает Генподрядчика для выполнения разработки (переработки) проектной документации и проведения строительно-монтажных работ реконструкции здания «ЦУМ» под здание филиала Актобе по пр. А.Молдагуловой, 30.
«Бас мердігер» - «ОӘД» ғимаратын Ә.Молдағұлова даңғылы, 30 бойындағы Ақтөбе қ. филиал ғимаратына арнап қайта құру бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізу үшін Тапсырыс беруші жалдайтын мекеме - **«Dynasty Group»** ЖШС мердігерлік құрылыс ұйымы.	**«Генеральный подрядчик»** - далее Генподрядчик подрядная строительная организация ТОО **«Dynasty Group»,** - предприятие, нанятое Заказчиком для выполнения работ **по разработке (переработке) проектной документации и проведения строительно-монтажных работ реконструкции здания «ЦУМ» под здание филиала Банка в г. Актобе по пр. А.Молдагуловой, 30.**
«Қосалқы мердігер» - жеке арнайы құрылыс-монтаждық жұмыстарын орындау үшін Бас мердігер жалдайтын мердігерлік ұйым.	**Субподрядчик** – подрядная организация нанятая Генподрядчиком для выполнения отдельных специальных строительно-монтажных работ.
Қосалқы жобалаушы – жеке арнайы жоб	**Субпроектировщик** – проектная организация

бөлімдерін әзірлеу (қайта өңдеу) үшін Бас қосалқы жобалаушы жалдайтын жобалық ұйым.	нанятая Генпроектировщиком для разработки (переработки) отдельных специальных разделов проекта.
«Жобалық жұмыстар» - Жобалаушы өз күшімен тартылған күштерімен осы Шарттың талаптарына сәйкес орындалуы тиіс Жұмыстардың барлық көлемі: жеке жобаны, жобалық құжаттаманы әзірлеу (қайта өңдеу), ЖҚ әзірлеу бойынша құрылыс нормалары мен қағидаларға сәйкес қажетті рұқсат құжаттарына және келісімдерді алу.	**«Проектные работы»** - означает весь объем Работ, подлежащих выполнению Проектировщиком своими и привлеченными силами в соответствии с условиями настоящего Договора: разработка (переработка) индивидуального проекта – Рабочей проектной документации, получение необходимых разрешительных документов и согласований в соответствии с существующими строительными нормами и положениями по разработке ПД.
«Жұмыс» - Бас мердігердің өз күшімен және Бас жобалаушының күштерімен және Қосалқы мердігерлердің, Қосалқы жобалаушылардың күштерімен осы Шарттың талаптарына сәйкес орындауы тиіс Жұмыстардың барлық көлемі: жұмыс жобасын қайта өңдеу, қажетті келісімдер және рұқсат құжаттарын алу, филиал ғимаратына арнап ОӘД Сауда орталық ғимаратын қайта құру бойынша Объектіні толық әзірленген «Дайын күйде» пайдалануға тапсыру, жасалған жабдыққа және жүйеге іске қосу өңдеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ кепілдік қызмет көрсету және Жобалық құжаттамада және Шартта көзделген басқа жұмыстарды жүзеге асыру. Бас мердігер жұмысты Тараптар бекіткен және осы Шарттың қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылатын Жұмыс өндірісі туралы кестеге сәйкес кезең - кезеңмен орындайды.	**«Работы»** - означает весь объем Работ, подлежащих выполнению Генподрядчиком своими силами, так и силами привлеченных Субподрядчиков в соответствии с условиями настоящего Договора: переработка рабочего проекта, получение необходимых согласований и разрешительных документов, строительно-монтажные работы по реконструкции здания Торгового центра ЦУМ под здание филиала сдача Объекта в эксплуатацию с полной готовностью «Под ключ», выполнение пусконаладочных работ смонтированного оборудования и систем, а также осуществление гарантийного обслуживания и другие работы, предусмотренные Проектной документацией и Договором. Работы выполняются Генподрядчиком поэтапно, в соответствии с Графиком производства работ, утвержденным Сторонами, который является приложением к настоящему договору и его неотъемлемой частью.
«Шарт» - Жұмыстарды орындаудың негізгі талаптары мен ондағы кепілдіктер, Тапсырыс беруші мен Бас мердігер, қажет болған кезде Қосалқы мердігер қол қойған қосымшалар кіретін шарт, сондай-ақ Жұмыстарды орындау барысында туындаған Шарттың толықтырулары мен өзгерістері.	**«Договор»** - настоящий договор, включающий в себя все основные условия выполнения Работ и гарантии, приложения, подписанные Заказчиком и Генподрядчиком, а также дополнения и изменения к нему, возникшие в процессе выполнения Работ;
«Техникалық қадағалау» - Тапсырыс берушінің өкілдері жүргізген Жұмыстың орындалуын, оған қоса орындалған Жұмысты қабылдауды бақылау.	**«Технадзор»** - надзор за выполнением Работ, осуществляемый представителем Заказчика, включая функции приемки выполненных Работ.
«Объекті» - Ақтөбе қ, Ә.Молдағұлова даңғылы 30 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа меншік құқығымен тиесілі «ОӘД»	**«Объект»** - здание «ЦУМ», принадлежащее на праве собственности «АО Банк ЦентрКредит», находящееся по адресу г. Актобе пр. А.Молдагуловой, 30.

ғимараты.	
«Жобалық құжаттама» - Жұмысты орындау және объектіні пайдалану үшін қажетті, техникалық тапсырма мен құрылыс нормаларына сәйкес әзірленген жоба, жұмыс жобалау-сметалық құжаттама, техталаптар, материалдар, пішіндер, құрал-жабдық, жиынтық құратын бұйымдарың төлқұжаты (сертификаттары), өндіруші-зауыттың құжаты және т.б.	**«Проектная документация»** - проект, рабочая проектная документация, технические условия, паспорта (сертификаты) на материалы, конструкции, оборудование, комплектующие изделия, документация заводов-изготовителей и др., необходимые для выполнения Работ и эксплуатации Объекта, разработанные в соответствии с техническим заданием и строительными нормами.
«бастапқы деректер» - Банктің филиал ғимаратының жұмыс жобасы, АР жұмыс жобасының барлық бөлімдері, КЖ, арнайы бөлімдері мен басқа да, жобалауға арналған тапсырма, техникалық жағдайлар.	**«Исходные данные»** - Рабочий проект здания филиала Банка, все разделы рабочего проекта АР; КЖ, специальные разделы и другие, задание на проектирование, технические условия.
«Күнтізбелік жоспар» - жобалы және құрылыс жұмыстары орындалуының күні, мерзімдері және жүйелілігі.	**«Календарный план»** - даты, сроки и последовательность выполнения проектных и строительных работ.
ҚНжЕ - құрылыс нормалары мен ережелері.	**СНиП** – строительные нормы и правила.
СанЕжН - Санитарлық ережелері мен нормалары.	**СанПиН** – санитарные правила и нормы.
«Жұмыс басталатын күн» - Бас мердігер аванс алған және Тапсырыс берушінің «жұмыстарды орындау» мөртабаны бар толық көлемдегі жобалық-сметалық құжаттаманы тапсырған күннен кейінгі бесінші күнтізбелік күн Жұмыс басталатын күн болып есептеледі.	**«Дата начала Работ»** - датой начала Работ считается пятый календарный день, после получения аванса Генподрядчиком и передачи Заказчиком по Акту приема передачи строительной площадки подрядной организации;
«Сынау» - жөнделген технологиялық құрал-жабдықтың техникалық талаптарға сәйкес келуін тексеру;	**«Испытания»** - проверка в действии смонтированного технологического оборудования на соответствие техническими требованиями;
«Іске қосу өңдеу жұмыстары» - инженерлік жүйелерді іске қосып сынақтан өткізу және жұмыс режимінде жобалық өлшемдерге дайындау, ТҚ және ҚНжЕ талаптарына сәйкес жабдықтың монтаждау жұмыстарының орындалу сапасын тексеру, инженерлік жүйелердің төлқұжаттарын және пайдалану жөніндегі ережені құрастыру, тапсырыс берушінің қызметкерлерін үйрету. Іске қосу сынағының қорытындысы бойынша әрбір жүйеге акт және төлқұжат жасалады, олар жүйелерді пайдалануға тапсыру актісіне қосымша болып табылады	**«Пусконаладочные работы»** - пусковое испытание инженерных систем и наладка на проектные параметры в рабочем режиме, проверка качества выполнения монтажных работ оборудования в соответствии с требованиями ТУ и СНиП, составление паспортов инженерных систем и инструкций по эксплуатации, обучение персонала Заказчика. По результатам пусковых испытаний на каждую систему составляется акт и паспорт, которые являются приложениями к акту сдачи систем в эксплуатацию.
«Құрылыс алаңы» - Тапсырыс берушінің Бас мердігерге Жұмысты орындау кезеңінде Объектіде Жұмыс аяқталатын күнге дейін уақытша пайдалану үшін берген жай;	**«Строительная площадка»** - помещения на Объекте, предоставленные во временное пользование Заказчиком Генподрядчику на период выполнения Работ до Даты завершения Работ на Объекте.

«Уақытша құрылыстар» - Объекті бойынша Жұмысты орындауға қажетті барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстар, оларды орындалған жұмысты өткізгеннен кейін Бас мердігер салады, орнатады және жинайды.	**«Временные сооружения»** - все временные здания и сооружения, необходимые для выполнения Работ по Объекту, которые возводятся, устанавливаются и убираются Генподрядчиком после сдачи выполненных работ.
«Материалдар» - Бас мердігер мен Қосалқы мердігер Объект үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдары.	**«Материалы»** - все расходные материалы, которые Генподрядчик и Субподрядчик используют для выполнения работ по Договору на Объекте.
«Ақаулар» - Бас мердігердің Шарттың, жобалау-сметалық құжаттаманың және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы ҚНжЕ, Мемстандарттың талаптардың және басқа нормативтік-техникалық талаптардың және құжаттардың талаптарын бұзып орындаған Жұмыстың бөлігі;	**«Дефект»** - часть Работ, выполненная Генподрядчиком с нарушениями условий Договора, проектно-сметной документации и действующих в Республике Казахстан СНиП, ГОСТ и иных нормативно-технических условий и документов.
«Ақаулар мен кемшіліктерді жою кезеңі» - Тапсырыс берушінің Бас мердігер орындаған Жұмысты тексеру барысында анықтаған ақаулар мен кемшіліктерді жою үшін Тапсырыс беруші белгілеген кезең;	**«Период устранения недоделок и дефектов»** - период, определенный Заказчиком для устранения недоделок и дефектов, обнаруженных в процессе проверок Заказчиком выполненных Работ Генподрядчиком.
«Смета» - Объектідегі Жұмыстың құнын, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға және құрал-жабдық сатып алуға қажетті шығындарды, сондай-ақ құрылыс салуға байланысты басқа шығындарды анықтайтын, әзірленген жобалау құжаттамасының негізінде дайындалған сметалық құжаттама.	**«Смета»** - сметная документация, разработанная на основе разработанной проектной документации, определяющая стоимость Работ на Объекте, в том числе необходимые затраты на выполнение отдельных видов строительно-монтажных работ и приобретение оборудования, а также другие затраты, связанные с осуществлением строительства.
«Аванс» - Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес Жұмысты орындау үшін төлейтін ақша.	**«Аванс»** - деньги, выплачиваемые Заказчиком для начала выполнения Работ в соответствии с условиями настоящего договора.
«Жұмыстарды орындау кестесі» - Жұмысты орындайтын күн, мерзімдері және кезектілігі.	**«График производства работ»** - даты, сроки и последовательность выполнения Работ.
«Атқару құжаты» - Объектіде Жұмысты орындау туралы жұмыс сызбалары және орындалған жұмыстың осы сызбаларға сәйкестігі немесе жұмысты орындауға жауап беретін тұлғалардың оларға енгізген өзгерістері, сертификаттар, техникалық төлқұжат және материалдардың сапасын куәландыратын басқа құжаттар, жасырын жұмыстарды куәландыру туралы актілер, жұмыс журналдары, аралық және түпкілікті қабылдау, жүйенің жүргізілген сынақтар актілері және басқалар.	**«Исполнительная документация»** - комплект рабочих чертежей на выполнение Работ на Объекте с надписями о соответствии выполненных работ этим чертежам или внесенным в них изменениям, сделанными лицами, ответственными за производство работ, сертификаты, технические паспорта и др. документы, удостоверяющие качество материалов, акты об освидетельствовании скрытых работ, журналы работ, акты промежуточной и окончательной приемки, проведенных испытаний систем и др.
«Жасырын жұмыстар» - сапасы мен	**«Скрытые работы»** – работы, скрываемые

дәлдігін кейінгі жұмыстар немесе белгілі конструкциялар монтаждалғаннан кейін кейінгі жұмыспен және (немесе) конструкциялармен жасырылатын жұмыстар.	последующими работами и (или) конструкциями, качество и точность которых невозможно определить после выполнения последующих работ или монтажа определенных конструкций.
2. Шарттың мәні	**2. Предмет договора.**
2.1. Бас мердігер осы Шарттың талаптарымен Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша өз күшімен және құралдармен, сондай-ақ төменде көрсетілген ұйымдарды қоса есептегенде Қосалқы мердігерлік ұйымдардың күштері мен құралдары арқылы Шартта белгіленген мерзімде Объектіде Жобалық құжаттамада (1-қосымша) көзделген Жұмыстарды толық көлемде орындауға және Жұмыстарды өндіру кестесіне (Шартқа 2-қосымша) сәйкес Объектіні толық әзірленген «Дайын күйде» пайдалануға тапсыруға, жасалған жабдыққа және жүйеге іске қосу өңдеу жұмыстарын жүргізу міндеттенеді. Жұмыстарға Бас мердігер мен Қосалқы мердігер жүзеге асыратын төменде көрсетілген жұмыстар кіреді	2.1. На условиях настоящего Договора Генподрядчик обязуется по заданию Заказчика своими силами и средствами, а также силами и средствами Субподрядных организаций в установленный Договором срок выполнить в полном объеме Работы, по переработке рабочего проекта в соответствие с техническим заданием на проектирование с планами этажей, (приложение №1), получение необходимой разрешительной документации для переработки рабочего проекта и проведение строительно-монтажных работ в соотвествие со сметной документацией (Приложение № 1) на Объекте, в соответствии с Графиком производства работ (Приложение № 2 к Договору) сдать Объект в эксплуатацию с полной готовностью «Под ключ», провести пусконаладочные работы смонтированного оборудования и систем
2.2. Осы арқылы Бас мердігер мен Қосалқы мердігерлер Объектімен және оның орналасқан жерімен, оған келу жолдарымен, Объекті орналасқан өңірдің ауа райымен және осы Шарт бойынша Жұмыстардың орындалуына әсер етуі мүмкін кез келген басқа ерекшеліктермен танысқанын растайды.	2.2. Настоящим Генподрядчик подтверждает, что ознакомлены с Объектом и местом его расположения, его подъездными путями, климатическими условиями региона в котором находиться Объект, и любыми другими особенностями, которые могут повлиять на выполнение Работ по настоящему Договору.
2.3. 2.2.-тармақты ескере отырып, Бас мердігер осы Шартқа қол қойған күнге Бас мердігердің қызметіне байланысты емес қажетті келісімдерді және рұқсаттарды алуына байланысты жағдайлардан басқа, Жұмыстарды орындауға кедергі келтіруі мүмкін немесе Жұмыстарды орындау кезінде қиындық туғызатын, олардың орындалуын тежейтін немесе Жұмыстарды уақытша тоқтататын немесе Жұмыстың құнын ұлғайтатын қандай болмасын міндеттемелердің болмауын растайды.	2.3. Принимая во внимание пункт 2.2., Генподрядчик подтверждает, что на дату подписания ими настоящего Договора отсутствуют какие либо обстоятельства, которые могут препятствовать выполнению ими Работ или вызывать затруднения при выполнении Работ, замедлить их выполнение или вызвать приостановку Работ либо увеличить стоимость Работ, за исключением случаев связанных с получением необходимых согласований и разрешений не зависящих от деятельности Генподрядчика.
2.4. Бас мердігер осы Шартты жасасқанға дейін «Банк Центр Кредит» АҚ-тың Ақтөбе қ, Ә.Молдағұлова даңғылы 30 мекенжайы бойынша орналасқан ғимаратты қайта құру бойынша жоспарлау жобасымен танысқанын растайды.	2.4. Генподрядчик подтверждает, что до заключения настоящего договора ознакомлен с имеющимся Рабочим проектом по реконструкции здания АО «Банк Центр Кредит» по адресу г. Актобе, пр. А.Молдагуловой, 30.
2.5. Қосалқы мердігерлер қандай болмасын	2.5. В случае отказа Субподрядчиков, по

себептер бойынша Қосалқы мердігерлік шарттарды жасасудан бас тартса және жұмыстарды жүргізуден бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Бас мердігермен келісе отырып мұндай Қосалқы мердігерді ауыстыруға құқылы.	каким-либо причинам, от заключения договоров субподряда и отказа от проведения работ Заказчик по согласованию с Генеральным подрядчиком вправе заменить такого Субподрядчика.
2.6. Осы шартқа сәйкес «Бас мердігер» «Тапсырыс берушінің» тапсырмасы үшін Жұмыс жобалық құжаттаманы: «ОӘД» ғимаратын Ә.Молдағұлова даңғылы, 30 бойындағы Ақтөбе қ. филиал ғимаратына арнап қайта құру» қайта өңдеуге және табыстауға міндеттенеді, ал «Тапсырыс беруші» осы шарттың талаптарына сәйкес олардың нәтижелерін қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.	2.6. Согласно настоящего Договора «Генподрядчик» обязуется по заданию «Заказчика» переработать и передать Рабочую проектную документацию: Реконструкции здания «ЦУМ» под здание филиала г. Актобе по пр. А.Молдагуловой, 30., а «Заказчик» обязуется принять и оплатить их результат в соотвествие с условиями настоящего договора.
2.7. Жобалауға тиісті ғимараттың ауданы 2 877,9 ш.м. құрайды. Жертөле қабаты (банктік бөлігі) – 724,8 ш.м. 1 қабат – 1 071,7 ш.м. 2 қабат – 1 081,4 ш.м. Жобалау зонасы жобалаудың жалпы ауданы өзгертілмеген жағдайда Тапсырыс берушінің қарауына өзгертілуі мүмкін.	2.7. Площадь здания, подлежащая проектированию составляет 2 877,9 кв.м. Подвальный этаж (Банковская часть) – 724,8 кв.м. 1 этаж – 1 071,7 кв.м. 2 этаж – 1 081,4 кв.м. Зона проектирования может меняться на усмотрение Заказчика при неизменной общей площади проектирования.
2.8. **«Бас мердігер»** Алматы қ. мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасы 2007 жылы 16 ақпанда берілген №ГСЛ01827 Мемлекеттік лицензия негізінде жұмыстарды орындайды.	2.8. **«Генподрядчик»** выполняет работы на основании Государственной лицензии ГСЛ № 01827, выданной «16» февраля 2007 года Управлением государственной архитектурно-строительного контроля г. Алматы.
2.9. Жұмыс жобалық құжаттаманы әзірлеу үшін бастапқы деректер болып Ақтөбе қ, Ә.Молдағұлова даңғылы 30 мекенжайы бойынша ОӘД ғимаратын қайта құру Жұмыс жобасы, топография бойынша инженерлік іздеулер материалдары, жұмыс жобасындағы техникалық жағдайлар және басқа бастапқы деректер, сондай-ақ құрастырылған инженерлік коммуникациялары бар ғимарат.	2.9. Исходными данными для разработки Рабочей проектной документации является, Рабочий проект реконструкции здания ЦУМа г. Актобе по адресу пр. А.Молдагуловой, 30, материалы инженерных изысканий по топографии, технические условия и иные исходных данные, содержащиеся в существующем рабочем проекте, а также существующее здание, со смонтированными инженерными коммуникациями.
3. Шарт бойынша жұмыстардың құны	**3. Стоимость работ по договору.**
3.1. осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші төлеуге тиісті жалпы сомасы Тапсырыс беруші тендерге табысталған жобасына сәйкес белгіленген және 407 319 307 (төрт жүз жеті миллион үш жүз он тоғыз мың үш жүз жеті) теңгені құрайды (бұдан кейін мәтін бойынша Шарттың жалпы сомасы), оның ішінде:	3.1. Общая сумма, подлежащая оплате Заказчиком по настоящему Договору определена согласно проекту, переданному Заказчиком к тендеру и составляет **407 319 307 (четыреста семь миллионов триста девятнадцать тысяч триста семь) тенге** (далее по тексту - Общая сумма договора), и включает в себя:
3.1.1. Ақтөбе қ. филиал ғимаратының жұмыс жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу (қайта өңдеу).	3.1.1.Разработка (переработка) проектно-сметной документации рабочего проекта здания филиала г. Актобе. Стоимость

Жобаны әзірлеу (қайта өңдеу) құны 15 000 00 теңгені құрайды.	разработки (переработки) проекта 15 000 000 тенге.
3.1.2. Ақтөбе қ. филиал ғимаратына арнап «ОӘД» ғимаратын құрылыс-монтаждық жұмыстарын қайта құруды жүргізу. Ғимаратты қайта құру бойынша құрылыс-монтаждық жұмыстарды жүргізу құны 392 319 307 теңге.	3.1.2. Проведение строительно-монтажных работ реконструкции здания «ЦУМ» под здание филиала г. Актобе. Стоимость проведения строительно-монтажных работ по реконструкции здания 392 319 307 тенге.
3.2. Тапсырыс беруші Бас мердігерге осы Шарт бойынша Жұмыстарға үшін төлем жасайды. Бас мердігер Қосалқы мердігермен жасалған жеке шартқа сәйкес ол жасаған жұмыстардың құнын әрбір Қосалқы мердігерге өз бетімен төлейді.	3.2. Изменение общей суммы Договора в сторону увеличения не допускается. Указанная выше сумма Договора включает в себя НДС, а также любые дополнительные платежи, сборы в бюджет предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.
3.3. Шарттың жалпы сомасын арттыру жағына қарай өзгертуге жол берілмейді. Шарттың жоғарыда көрсетілген сомаға ҚҚС сомасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған кез келген қосымша төлемдер, бюджетке төленетін алымдар кіреді.	3.3. Все расходы и платежи, которые могут быть понесены Генподрядчиком в связи с выполнением своих обязательств, согласно настоящего Договора (без учета дополнительных работ, выполняемых по требованию Заказчика), возлагаются на Генподрядчика и рассматриваются как включенные и покрываемые Общей суммой договора.
3.4. Бас мердігердің міндеттемелерін (Тапсырыс берушінің талабы бойынша қосымша жұмыстарды есептемегенде) орындауға байланысты көтеретін барлық шығындары мен төлемдері осы шартқа сәйкес Бас мердігерге жүктеледі және Шарттың жалпы сомасы арқылы енгізілген және өтелген болып қарастырылады.	3.4 Все дополнительные работы, выполняемые по требованию Заказчика и все изменения проектной документации, повлекшие увеличение стоимости договора, указанную в пункте 3.1. и сроков выполнения работ, оформляются Дополнительным соглашением сторон.
3.5. Осы Шарттың әрекеттері аяқталу мерзімі Тараптар орындалған құрылыс және жобалық жұмыстарын қабылдау-өткізу Актіне қол қоюды растап, ОӘД ғимаратын қайта құрыды толық аяқтап және Мемлекеттік органдары бекіткен нысан бойынша объектіні қабылдау Актін ресімдеп, қабылдаған барлық шартты міндеттемелерді толық орындау болып табылады.	3.5. Сроком окончания действия настоящего Договора является полное исполнение всех договорных обязательств принятых Сторонами, подтвердив подписанием окончательного Акта приема – передачи выполненных строительных и проектных работ, с полным завершением Реконструкции здания ЦУМа и оформление акта приемки объекта по установленной Государственными органами форме.
Бас мердігердің және Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері	**Права и обязанности Генподрядчика и Заказчика.**
4.1. Бас мердігердің міндеттері:	**4.1. Обязанности Генподрядчика:**
4.1.1. Бас мердігер жұмыстарды жұмыстар басталатын күні бастауға міндеттенеді. Жұмыстар басталған Күнге дейін Бас мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес Құрылыс алаңын Қабылдау актісі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген нормативтік құжатқа сәйкес қабылдауға міндеттенеді.	4.1.1. Генподрядчик обязуется начать работы в Дату начала работ. До Даты начала работ, Генподрядчик обязуется принять по Акту приемки Строительную площадку согласно условиям настоящего Договора, а также в соответствии с нормативной документацией предусмотренной законодательством Республики Казахстан.

4.1.2 Бас мердігер осы Шарт бойынша Жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік органдардан және беймемлекеттік органдардан қажетті келісімдер мен рұқсат құжаттарды алуға міндеттенеді.	4.1.2. Генподрядчик обязуется получить необходимые согласования и разрешительные документы от соответствующих государственных и негосударственных органов за свой счет, для ведения Работ по настоящему Договору.
4.1.3. Бас мердігер Жұмыстарды жасауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына, құрылыс-монтаждау жұмыстарын реттейтін нормалар мен ережелерге (ҚНжЕ) сәйкес, сондай-ақ осы Шартта көзделген талаптарға сәйкес атқару құжаттарын жүргізуге міндеттенеді.	4.1.3.Генподрядчик обязуется производить Работы и ведение исполнительной документации в полном соответствии с нормативными документами Республики Казахстан, нормами и правилами (СНИП) регулирующих ведение подобного рода строительно-монтажных работ, а также в соответствии с требованиями указанными в настоящем Договоре.
4.1.4. Бас мердігер өз күштерімен және осы Шарттың талаптарына, осы Шарта белгіленген талаптарға сәйкес соның ішінде жобалық құжаттамамен әзірленген, Тапсырыс беруші сметалық құжаттаманы бекіткен, сондай-ақ өндірі кестеде бекітілген мерзімдері мен тәртіпте атқару құжаттамасына сәйкес қаражаттары арқылы Жұмыстарды орындауға міндеттенеді.	4.1.4. Генподрядчик обязуется выполнить Работы собственными силами и средствами в соответствии с условиями настоящего договора, требованиями установленными настоящим Договором, в том числе разработанной проектной документацией, утвержденной Заказчиком сметной документацией, а также исполнительской документацией, в сроки и порядке установленных Графиком производства.
4.1.5. Бас мердігер осы Шартта және оның қосымшаларында көзделген барлық Жұмыстарды толық көлемде және уақтылы орындауға және Бас мердігер Жұмысты Объектіні қалыпты қолдануға мүмкіндік беретін мерзімде және күйде Тапсырыс берушіге өткізуге міндеттенеді.	4.1.5. Генподрядчик обязуется выполнить все Работы в объеме и сроки, предусмотренные в настоящем договоре и приложениях к нему, и Генподрядчик обязуется сдать Работы Заказчику в срок в состоянии, позволяющем нормальную эксплуатацию Объекта.
4.1.6. Бас мердігер өз күшімен құрылыс алаңына қажетті материалдарды, өнімнің құрал-жабдықтарын, құрылғыларды, жиынтық құратын бұйымдарды, құрылыс техникасын жеткізуге, сондай-ақ оларды құрылыс алаңында орналастыру, қабылдау, сақтау және жинау жұмыстарын қамсыздандыруға міндеттенеді. Бас мердігер Құрылыс алаңын және Объектіні Қабылдау-өткізу актісі арқылы қабылдаған сәттен бастап, оның Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін арналған материалдардың, құрал-жабдықтардың, техниканың кездейсоқ жойылу тәуекелдігіне жауап береді. Бас мердігер Жұмыстарды орындау кезінде пайдаланатын материалдардың, құрал-жабдықтардың, техниканың сапасыздығына, оларды үшінші тұлғалардың құқығымен жүктелуіне жауап	4.1.6. Генподрядчик обязуется поставить своими силами на строительную площадку необходимые материалы, оборудование изделия, конструкции, комплектующие изделия, строительную технику, а также обеспечить их разгрузку, приемку, хранение и складирование на строительной площадке. Генподрядчик с момента принятия Строительной площадки и Объекта по Акту приема передачи несет риск случайной гибели материалов, оборудования, техники, предназначенных для выполнения им Работ по Договору. Генподрядчик несет ответственность за ненадлежащее качество материалов, оборудования, техники используемых при выполнении Работ, обременение их правами третьих лиц и обязуется по требованию Заказчика заменить материалы, оборудование, технику на качественную, соответствующую

береді және Тапсырыс берушінің талабы бойынша материалдарды, құрал-жабдықтарды, техниканы Тапсырыс берушінің талабына сәйкес келетін сапалы материалдарға, құрал-жабдықтарға, техникаға ауыстыруға міндеттенеді.	требованиями Заказчика.
4.1.7. Бас мердігер Тапсырыс берушінің көмегі арқылы мемлекеттік қадағалау органдарымен Объектіде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу тәртібін келісуге және оның құрылыс алаңында сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бас мердігер сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті рұқсат құжаттарды, сонымен қатар Жұмыстарды жүргізгенге дейін мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау органының құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға міндеттенеді.	4.1.7. Генподрядчик обязуется при содействии Заказчика согласовать с органами государственного надзора порядок ведения строительно-монтажных работ на Объекте и обеспечить соблюдение его на строительной площадке. Генеральный подрядчик также обязуется получить все необходимые разрешительные документы для ведения строительно-монтажных работ, а так же получить до начала проведения Работ разрешение Государственного архитектурно строительного контроля на проведение строительно-монтажных работ.
4.1.8. Бас мердігер өз күшімен және қаражатымен құрылыс алаңы аумағында материалдарды сақтау және осы шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті барлық уақытша құрылыстарды тұрғызуға міндеттенеді.	4.1.8. Генподрядчик обязуется возвести собственными силами и средствами на территории строительной площадки все временные сооружения, необходимые для хранения материалов и выполнения работ по настоящему договору.
4.1.9. Бас мердігер әрбір Қосалқы жобалаушымен Қосалқы мердігерлік шартын жасасуға және Қосалқы мердігерлік ұйымдармен қосалқы мердігерлік шарттардың жасалуы туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға міндеттенеді. Тапсырыс берушіге арнайы құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жасалған шарттардың көшірмесін ұсыну.	4.1.9. Генподрядчик обязуется в случае заключения договоров с Субподрядчиком предварительно проинформировать Заказчика о заключении договоров субподряда с субподрядными организациями. В случае необходимости по требованию Заказчика предоставить копии заключенных договоров на проведение строительно-монтажных работ.
4.1.10. Бас мердігер осы шартта көзделген жұмыстарды тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Тапсырыс берушінің алдында жауап беруге міндеттенеді. Бұл кезде Бас мердігер Тапсырыс берушінің алдында тартылған Қосалқы мердігерлердің осы шарт бойынша жұмыстарды тиісті дәрежеде орындауына және олардың қызметінің үйлестірілуіне өз мердігерлеріне жауап бергендей жауап береді. Егер жұмыс осы шарттың талаптарына жауап бермесе, Тапсырыс беруші жұмыстың кез келген бөлігін немесе кез келген бөліктерін қабылдамауға құқылы	4.1.10. Генподрядчик обязуется нести ответственность перед Заказчиком за ненадлежащее исполнение работ, предусмотренных настоящим договором, при этом Генподрядчик несет ответственность перед Заказчиком за надлежащее исполнение Работ по настоящему договору привлеченными субподрядчиками как за свои собственные и координацию их деятельности. Заказчик вправе отклонить любую часть или части работ, если они не будут отвечать требованиям настоящего договора.
4.1.11. Бас мердігер Құрылыс алаңында Жұмыстарды жүргізу кезінде ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны, жасыл желекті және	4.1.11. Генподрядчик обязуется обеспечить выполнение на Строительной площадке необходимых в соответствии с требованиями законодательства РК мероприятий по технике безопасности, пожарной безопасности, и

жерді қорғау бойынша өнеркәсіптік санитария қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге, жарық түсіруді орнатуға міндеттенеді.	промышленной санитарии по охране окружающей среды, зеленых насаждений и земли во время проведения Работ, установить освещение.
4.1.12. Бас мердігер Тапсырыс берушімен Жұмыста қолданылатын өңдеу материалдары, олардың үлгілері, инженерлік, энергетикалық құрал-жабдықтары, бейне бақылау, күзет дабылы құрал-жабдықтары, автоматтандыру және телефондандыру жөнінде қолданылатын материалдардың орыс тіліндегі сертификаттарын ұсыну арқылы келісу. Материалдардың үлгілері, каталогтары және жобаға арналған жабдық Бас мердігер ұсынғаннан кейінгі 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде мақұлдану керек немесе Тапсырыс берушінің өкілінің ескертуімен қайтарылу керек	4.1.12. Генподрядчик обязуется согласовывать с Заказчиком применяемые в Работах отделочные материалы, их образцы, инженерное, энергетическое оборудование, оборудование связи, оборудование видео наблюдения, охранной сигнализации, автоматики и телефонизации с предоставлением сертификатов безопасности применяемых материалов на русском языке. Образцы, каталоги материалов и оборудования для проекта должны быть одобрены или возвращены с замечаниями представителем Заказчика в письменном виде в течение 3 (три) календарных дней после предоставления их Генподрядчиком.
4.1.13. Бас мердігер қолданылатын материалдардың бақылау үлгілерінің техникалық нормалар мен талаптарға, тоғысқан жерлерге сәйкестігін тексеру үшін лабораториялық сынақтан өткізуге міндеттенеді. Сынақтың нәтижелері жұмысты жүргізу және қабылдау барысында, сондай-ақ атқару құжатымен бірге Тапсырыс берушіге берілуі тиіс.	4.1.13. Генподрядчик обязуется проводить необходимые лабораторные испытания контрольных образцов применяемых материалов на соответствие техническим нормам и условиям, сварочных стыков. Результаты испытаний должны быть предоставлены Заказчику в ходе проведения и приемки работ, а также переданы Заказчику вместе с исполнительной документацией.
4.1.14.Бас мердігер егер материалдардың сапасы бұрын келіскен көрсеткіштерге немесе талаптарға және стандарттарға сәйкес келмесе Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша материалдарды тасымалдауды тоқтата тұру, оларды ауыстыруға міндеттенеді. Тапсырыс беруші тарапынан тиімсіз болып танылған материалдарды немесе олардың бөліктерін өз есебінен жөндеуге немесе жаңадан әзірлеуге немесе ауыстыруға немесе жұмыстың бөлігін жанадан істеуге міндеттенеді.	4.1.14. Генподрядчик обязуется по указанию Заказчика приостановить поставку материалов, произвести их замену, если качество материалов не будет соответствовать ранее согласованным показателям или требованиям и стандартам. За свой счет отремонтировать либо заново изготовить, либо заменить те материалы или их части или заново произвести часть работ, которые были признаны неприемлемыми Заказчиком.
4.1.15. Бас мердігер Тапсырыс беруші тарапынан жобалық қуат күшін толық қабылдап болғанша құрастырылған жабдықтың іске қосу, жөндеу жұмыстарын жүргізуге міндеттенеді.	4.1.15. Генподрядчик обязуется провести пусконаладочные работы смонтированного оборудования до полного принятия Заказчиком проектной мощности.
4.1.16. Бас мердігер орнатылған техникалық құрал-жабдықты пайдалану және қолдану бойынша орыс тіліндегі техникалық құжаттамасын, нұсқаулығын Тапсырыс берушіге ұсыну, пайдалану бойынша нұсқама жүргізу үшін қажетті мөлшерде	4.1.16. Генподрядчик обязуется предоставить Заказчику техническую документацию, инструкции по обслуживанию и эксплуатации установленного технологического оборудования на русском языке, выделить необходимое количество специалистов для

мамандарды бөлуге міндеттенеді.	проведения инструктажа по эксплуатации;
4.1.17. Бас мердігер атқарушылық және техникалық құжаттаманың (жұмыс журналы, жасырын жұмыстар актілері, атқарушы сызбалар,) уақтылы және дұрыс ресімделуін қамтамасыз етуге міндеттенеді;	4.1.17. Генподрядчик обязуется обеспечить своевременность и правильность оформления исполнительной и технической документации (журналов работ, актов скрытых работ, исполнительных схем);
4.1.18. Бас мердігер Жұмыстарды орындау басталған уақыттан бастап Жұмыс қабылдау комиссиясы Жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойғанға дейін құрылыс алаңының, объектінің және Құрылыс алаңында орналасқан тауар-материалдық құндылықтардың және қоршалған құрылыс алаңындағы аумағында орналасқан басқа мүліктің қорғалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Жұмыстарды орындау кезеңінде және жұмыстар аяқталғаннан кейін құрылыс алаңын және іргелес жатқан аумақты күтіп ұстауды және тазалауды, барлық қоқыстар мен құрылыс қалдықтарын жинауды және шығарылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;	4.1.18. Генподрядчик обязуется обеспечить охрану строительной площадки, объекта и находящихся на Строительной площадке товарно-материальных ценностей и другого имущества на территории огражденной строительной площадки от начала выполнения Работ до подписания Акта приема Работ Рабочей приемочной комиссией. Обеспечить содержание и уборку строительной площадки и прилегающей к ней территории, сбор и вывоз всех отходов и строительного мусора, как в период выполнения работ, так и после его завершения;
4.1.19. Бас мердігер Мердігерлік жұмыстарды орындаудың барлық уақытында қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың барлық нормаларын, ережелерін және қағидаларын сақтауға, Шарт бойынша жұмыстарды орындаудан немесе соған байланысты ауаны немесе суды ластағаны үшін туындаған кез келген жауапкершіліктен Тапсырыс берушіні босатуға және қауіпсіздендіруге міндеттенеді;	4.1.19. Генподрядчик обязуется в течение всего времени выполнения подрядных работ соблюдать все нормы законодательства, правила и положения о защите окружающей среды, освободить и обезопасить Заказчика от любой ответственности за загрязнение воздуха или воды, возникшее из выполнения работ по Договору или в связи с ним;
4.1.20. Бас мердігер Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша орындалған жұмыстарын қабылдаған кезде №2 нысаны және №3 нысаны бойынша ай сайын жұмыстарды қабылдау бойынша бұндай талап қойылған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде құрылыс материалдарының, жабдықтардың, бұйымдардың, құрылғылардың, жиынтық құратын бұйымдарың және құрылыс техникасының саны, сапасы, бағасы және өндіруші ел жөнінде толық ақпаратты беруге міндеттенеді;	4.1.20. Генподрядчик обязуется при приемке выполненных работ по ежемесячным актам приемки работ по форме №2 и форме №3, по требованию Заказчика в течение 7 рабочих дней со дня выставления такого требования предоставить полную детализацию по количеству, качеству, цене и стране-производителе строительных материалов оборудования, изделий, конструкций, комплектующих изделий и строительной техники;
4.1.21. Бас мердігер жұмыстың аяқталу күніне әсер етуі мүмкін фактор туралы білген немесе негізді түрде білуі мүмкін	4.1.21. Генподрядчик обязуется в письменном виде известить Заказчика о возникновении факторов, которые могут повлиять на сроки

күннен кейінгі 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Жұмыстың аяқталу мерзіміне әсер етуі мүмкін фактордың пайда болуы туралы Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді. Қажет болған жағдайда жұмыс жүргізу тәртібін мемлекеттік қадағалау органдарымен келісімге алу және құрылыс алаңында оның сақталуын қамтамасыз етеді.	окончания Работ, не позднее 3 рабочих дней после того, как Генподрядчик узнал, или обоснованно мог знать о данном факторе. При необходимости согласовывать с органами государственного надзора порядок ведения работ и обеспечить соблюдение его на строительной площадке
4.1.22. Қызметкерлерді, Ғимаратты, материалдарды, бұйымдар мен құрылыстарды, сондай-ақ басқа мүлікті сақтандыру Бас мердігердің есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.	4.1.22. Страхование персонала, Здания, материалов, изделий и конструкций, а также другого имущества осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан за счет Генподрядчика;
4.1.23. Бас мердігер Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты оған ұсынуға міндеттенеді;	4.1.23. Генподрядчик обязуется предоставлять Заказчику по его запросу информацию о ходе выполнения работ;
